



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Қыркүйек **2023**

Жылдық инфляция жеті ай қатарынан баяулап, 2023 жылғы қыркүйекте 11,8% болды.

Инфляцияның баяулауына былтырғыдай жоғары айлық мәндердің тіркелмеуі, сыртқы инфляция қысымының әлсіреуі, ішкі өндіріс шығынының азаюы, сондай-ақ қазіргі ақша-кредит саясаты ықпал етіп отыр.

Инфляцияның барлық негізгі компонентінің жылдық өсу қарқыны баяулағаны байқалады. 2023 жылғы қыркүйекте азық-түлік пен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасы төмендеп, азық-түлік инфляциясы 11,4%-ға (ж/ж) дейін баяулады.


Импорт бағаларының төмендеуіне байланысты азық-түлік инфляциясы 12,1%-ға (ж/ж) дейін баяулады. Сондай-ақ, жанар-жағармайдың қымбаттауы биылғы сәуірден бастап азық-түлікке жатпайтын тауарлардың инфляциясына тұрақты түрде әсер етіп отыр.

Шілде-тамызда жеделдеген ақылы қызметтер инфляциясы биылғы қыркүйекте 11,9%-ға (ж/ж) дейін баяулады. Ақылы қызметтер ішінде қыркүйекте оқу жылының басталуына байланысты білім беру қызметтерінің қымбаттағаны байқалады. Сонымен қатар, «Тарифті инвестицияға айырбастау» мемлекеттік бағдарламасы аясында реттелетін коммуналдық қызмет тарифінің өсуі сервистік инфляцияға айтарлықтай әсер етті.

Жылдық инфляция баяулағанына қарамастан, 2023 жылғы қыркүйекте тұтыну бағаларының бір айдағы өсу қарқыны 0,6% болды. Бұл әлі де орташа тарихи көрсеткіштен жоғары (2017-2021 жылғы қыркүйектегі орташа көрсеткіш – 0,3%).

Биылғы тамыздағыға қарағанда, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы тарифтері бағасының тұрақты түрде өсуі, сондай-ақ үй шаруашылығында қолдануға арналған тұрмыстық құралдар, тауарлар мен қызметтердің бағасы түсуінен маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция 0,8%-ға дейін баяулады (1-кесте).

1-кесте. Инфляция көрсеткіштері, а/а




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Әртүрлі әдістеме бойынша есептелген 2023 жылғы қыркүйектегі маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияның медианалық бағасы 0,7% болды. Көрсеткіш 2023 жылғы сәуірден бастап осы мәнде тұр. Бұл көптеген тауардың әлі де қымбаттап жатқанының белгісі болуы мүмкін.

Бұл ретте биылғы қыркүйекте маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияны бағалау дисперсиясының (диапазонының) қысқарғаны және оның жоғарғы шегі төмендегені байқалады. Бұл инфляция процестерінің тұрақтанып келе жатқанын және инфляцияның тұрақты бөлігіндегі бағалардың біртіндеп түсе бастағанын көрсетеді.


Биылғы қыркүйектегі базалық инфляцияны бағалау диапазоны тамыздағы 0,4%-1%-дан 0,5%-0,8%-ға дейін қысқарды (2-кесте).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Жеміс-жидек пен көкөністі қоспағанда, **азық-түлік инфляциясындағы** барлық негізгі тауар тобының үлесі төмендегені байқалады (3-кесте). 2023 жылғы қыркүйекте азық-түлік бағасының бір айдағы өсімі 0,3%-ға (тамызда – 0%) дейін жеделдеді.

Биыл жаз айларында және қыркүйекте жаңа піскен көкөністің бағасы өткен жылғыға қарағанда баяу арзандады. Бұл осы санатқа жататын тауарлар бағасының жылдық өсу қарқыны маусымдағы 9%-дан 2023 жылғы қыркүйекте 22,1%-ға дейін жеделдетті (2022 жылғы қыркүйекте – 10% өсім, ж/ж).




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Бидай өнімі мол жиналмағандықтан, ұн бағасы өсті. Соның салдарынан нан-тоқаш өнімдері мен жарманың 0,7%-ға (тамызда – 0,4%) қымбаттағаны байқалды. Биылғы егін жинау науқанындағы қолайсыз күн райы бидайдың орташа өнімділігі мен сапасының нашарлауына әсер етті. Қыркүйекте күріш бағасы одан әрі өсті (а/а 3,2 %, ж/ж 41,3%). Бұл 2023 жылғы қаңтар-шілдеде ішкі өндірістің ж/ж 14,5%-ға төмендеуіне және дәнді дақылдардың осы түріне белгіленген әлемдік бағаның өсуіне байланысты болды.

Сонымен қатар қыркүйекте қарақұмық жармасы арзандады (а/а 2,1% және ж/ж 18,3%). Бұл былтырдан бері біршама ауыспалы қор жиналғанына байланысты болды. Шөп бағасының арзандағаны (0,7% а/а), сондай-ақ тірі малдың кей түрінің бағасы өсуінің баяулағанына байланысты ет өнімдерінің қымбаттауы 0,4%-ға (тамызда – 0,5%, а/а) дейін бәсеңдеді. Биылғы ақпаннан бастап төмендеген күнбағыс майының бағасы тағы арзандады. Баға динамикасы күнбағыс дәнінің едәуір қоры жиналғанына байланысты өзгеріп отыр. Бұл биыл жыл басында күнбағыс дәнін экспорттауға енгізілген тұрақты баж салығына¹, сондай-ақ өсімдік майының әлемдік бағасы төмендегеніне байланысты болды. Ішкі қант өндірісі ж/ж 7%-ға төмендеді. Ал Ресейден келетін импорт көлемі, керісінше, өсті (қаңтар-шілдеде қанттың жалпы импорты ж/ж 61,2%-ға, қант импортындағы Ресейдің үлесі 55,9%-ға өсті). Ішкі нарықта қант ұсынысы ұлғайып, қант бағасы арзандап жатыр (а/а 1,2% және ж/ж 17%).

Азық-түлік тауарларының кей түрінің ішкі бағасы әлемдік бағадан әлі де жоғары (4-кесте). Бұл ретте өсімдік майы мен дәнді дақылдар бағасының дифференциалы қысқарып, ет бағасының дифференциалы кеңейген. Биылғы қыркүйекте қанттың әлемдік бағасы 2021 жылдың қарашасынан бері алғаш рет ішкі бағадан асып түсті.

4-кесте. Кей азық-түлік тауарларының әлемдік және ішкі бағасының динамикасы², теңгемен, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеулері

¹ Интернет-ресурс: Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі. URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/178165/rus>


² Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескергендегі 2019 жылғы желтоқсаннан бергі (2019 жылғы желтоқсан = 100) тиісті индекстердің өзгеруі.

2023 жылғы қыркүйекте дәнді дақылдардың әлемдік бағасы 1%-ға (а/а) өсті. Бұл – жемге арналған дәнді дақылдар бағасының өсуіне байланысты. Сондай-ақ, бағаның қымбаттауына Бразилиядан жеткізілетін өнімге деген сұраныстың жоғары болғанына байланысты жүгері бағасының өсуі де ықпал етті. Жылдық мәнде дәнді дақылдардың әлемдік бағасы тағы арзандады (14,6%-ға).

Негізгі экспорттаушылардың ұсынысы жоғары болып, импорттық сұраныстың төмендегеніне байланысты өсімдік майларының әлемдік бағасы арзандады. Өсімдік майларының ішкі бағасының күрт төмендеуі ішкі және сыртқы бағалар арасындағы дифференциалдың төмендеуіне ықпал етті. Қант өндірісі көлемі қанша болатыны белгісіз болғандықтан, қанттың әлемдік бағасы 2023-2024 жылғы маусымда да қымбаттады.

Ет өнімдерінің ішкі және әлемдік бағасы арасындағы дифференциалдың өсуі биылғы қыркүйекте де жалғасты. Жетекші импорттаушы елдер тарапынан сұраныс аз болып, экспорттық ұсыныс көлемі өскені ет өнімдерінің әлемдік бағасын арзандатты. Алайда, еттің әлемдік бағаларының арзандағанына қарамастан, биылғы қыркүйектің екінші жартысында теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбас бағамының әлсіреуіне байланысты теңгедегі бағалар өсті.


Азық-түлікке жатпайтын инфляция құрылымында негізгі тауарлардың жылдық өсу қарқыны баяулағаны байқалады. Сонымен қатар, ішкі энергия ресурстары нарығындағы бағаларды реттеу ЖЖМ бағасын қымбаттатқанына байланысты 2023 жылғы сәуірде өскен жанар-жағармай материалдарының азық-түлікке жатпайтын инфляциядағы үлесі тұрақты болып қалып отыр (5-кесте).



Қыркүйекте азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы айлық мәнде 0,6%-ға (тамыз – 0,5%) өсті. Жиһаз бен тұрмыстық заттардың 2,1%-ға (15,3%, ж/ж) қымбаттағаны байқалады. Күз мезгілінің басталғанына байланысты жылы киім мен аяқ киімнің қымбаттағаны сезіледі. Сонымен қатар, күннің суытуы дәрі-дәрмекке деген маусымдық сұранысты өсірді. Бұл қыркүйекте фармацевтикалық өнімдер бағасының 0,6%-ға өсуіне әкелді. Жылдық өсім 2023 жылғы маусымдағы 11,4%-дан 9,1%-ға дейін баяулады.


Оқу жылының басталуына байланысты қыркүйекте сұраныс артқандықтан, ақпаратты өңдеуге арналған жабдықтардың бағасы өсті. Атап айтқанда, ноутбук ж/ж 1,5%-ға (3,2% ж/ж), планшет а/а 0,5% (4,3% ж/ж), сондай-ақ жазу құрылғылары мен материалдар да қымбаттады (1,1% а/а, 8,8% ж/ж).

Биыл шілде-тамызда қарқын алған **ақылы қызметтердің инфляциясы** қыркүйекте 11,9%-ға дейін (тамызда – 13,9%), айлық мәнде 0,9%-ға дейін (тамызда – 1,9%) баяулады (6-кесте).



ТБИ сервистік кешені құрылымында биылғы қыркүйекте реттелетін коммуналдық қызметтер тарифі 0,4%-ға өсті. Бірақ өткен аймен салыстырғанда (тамызда – 6,1%) неғұрлым қалыпты қарқынмен қымбаттады. Ыстық су бағасы – 2,5%-ға (а/а), су бұру – 0,1%-ға, газбен жабдықтау – 0,6%-ға, электр қуаты 0,4%-ға өсті. Салқын судың тарифтік бағасы өзгерген жоқ. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ тарифтерінің қымбаттауында гетерогенділік байқалады (7-кесте).

7-кесте. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2023 жылғы қаңтар-қыркүйек, %



Қыркүйекте, реттелмейтін қызметтер құрылымында көлік қызметтері бағасының өсуі тамыз айындағы а/а 0,1%-дан а/а 2,4%-ға дейін баяулағаны байқалады. Биылғы тамызда еліміздің кей өңірінде автомобиль жолаушылар көлігімен жол жүру құны өсті. Бұл ретте, жылдық мәнде көлік қызметтері құнының өсуі жалғасты. Оқу жылының


басталуы білім беру қызметтері бағасының өсуіне әсер етті. Мәселен, қыркүйек айында орта білім беру қызметтері 6,3%-ға (8,2%, ж/ж), жоғары білім – 10,8%-ға (13,5%, ж/ж) қымбаттады. Сондай-ақ, жалға берілетін тұрғын үй бағасының 2,3%-ға (а/а) өскені байқалады. Өткен жылғы жоғары база аясында жалдау бағасының жылдық өсімі биылғы тамыздағы 18,6%-дан қыркүйекте 7,3%-ға дейін баяулады.

Өңдеуші өнеркәсіптегі өндіруші кәсіпорындардың бағасы аралық тауарлар бағасының түсуі және күрделі тауарлар бағасының баяу өсуі нәтижесінде қатарынан үш ай бойы төмендеп отыр.


2023 жылғы қыркүйекте ауыл шаруашылығындағы өндірушілердің бағасы одан ары төмендей түсті. Оған өткен жылғы жоғары базаға байланысты астық пен жем-шөп дақылдары бағасының арзандағаны әсер етті.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің бағасы 2023 жылғы қыркүйекте ж/ж 1,0%-ға арзандады. Өнеркәсіптік сипаттағы қызметтер мен күрделі тауарлар бағасының өсімі баяулады (8-кесте).

8-кесте. Өнеркәсіптегі бағалар



9-кесте. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Азық-түлік өндірушілерінің бағасы 2022 жылғы қыркүйектен бастап арзандап келеді. Биылғы қыркүйекте азық-түлік өндірушілерінің бағасы жылдық мәнде 4,3%-ға төмендеді. Ет, ұн-жарма өнімдерін және май өндірушілер бағасының төмендегені байқалады. Сонымен қатар, сүт өнімдері мен басқа да азық-түлік өнімдерін, сондай-ақ нан-тоқаш және макарон өнімдерін өндірушілер бағасының өсімі баяулады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар ішінде фармацевтикалық өнімдерді, киім, жиһаз, резеңке және пластмасса бұйымдарын, жуу және тазалау құралдарын өндіретін кәсіпорындардың бағасы түсіп келеді.

Ауыл шаруашылығындағы өндірушілердің бағасы 2023 жылғы қыркүйекте жылдық мәнде 6,0%-ға арзандады (9-кесте). Өсімдік шаруашылығында дәнді дақылдардың, атап айтқанда, бидай мен майлы тұқымдардың, сондай-ақ кептірілген бұршақ дақылдарының бағасы түсіп келеді. Дәнді дақылдар бағасының арзандауы өткен жылғы жоғары базаға байланысты. Сондай-ақ мемлекеттің елдегі фермерлер үшін дизель отынын жеңілдік аясында субсидиялауынан шығын азайды. Бұл да дәнді дақылдар бағасының түсуіне әсер

етті³. Жемге арналған дақылдар ішінде шөп пен жемге арналған астық бағасының жылдық өсу қарқыны баяулады. Мал шаруашылығында мал бағасы мен сиыр сүті бағасының өсу қарқыны баяулады, сонымен қатар үй құсының бағасы арзандау тұрғысынан баяулады.

³ <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/600521?lang=ru>